Тозан шашатын тақтаның асты қара бояумен боялған немесе қара қағаз төселу керек, сонда тақта бетіне түскен тозаң анық көрінеді. Ұнтақталған канифольды бар қапшықты ағаш немесе темір таяқпен ақырын ұрғанда қапшық тесіктерінен канифоль тозаңы тақта бетіне тегіс түседі. Қапшықтың ішіндегі ірі үгінділерін қолымен алып себуге болады. Тозанды тақта бетіне түсіргенде жан жағынан жел соқпағаны дұрыс. Егер тақта бетіне себілген тозаңның үстіне тас түйіршіктері түсіп кетсе онда пинсетпен немесе саусағынды сулап ақырын түйіршікке тигізіп алып тасталынады.

Канифольды балқыту. Акваинта мәнерінде канифольді балқыту жауапты жұмыстың бірі. Тақтаны қыздырып дайындау үшін электроплитка, майшам, керосин шамын т.б. қолдануға болады. Ол үшін қыздыратын плитканың үстінен 10–15 см. биіктікте майыспайтын тегіс темір тақтасын орнатамыз. Сол тақтаның үстіне салынған сурет тақтасы қойылады, сонда канифоль бір тегіс ериді.

Канифольді бірнеше кезең бойынша еріту үлгілері қолданылады. Жеңіл еріту кезінде ұсақ бөлшектер жиырылып ашық мөлдір түске айналады, канифольдың ұсақ бөлшектері бір-біріне бірігеді. Еріту аяғына дейін жеткізілмесе канифоль нашар жабысып күйдіру кезінде ұзақ мерзімге төтет бере алмай осал болады және ара қашықтықтары алшақ болып орналасады. Ал одан әрі қыздырса канифоль жайылып тақтаға нық жабысып дөңгеленіп түскен мөлдір дақтар айқын көрінеді және металл тақтасының ашық жерлері азаяды. Тағы да ұзағырақ қыздырса канифоль жайылып ирелендеген жалпақ

дақтарға айналады да өзінше ерекше көріністер пайда болады. Осындай көріністерді суретшілер шығармашылық жұмыстар жасаған кезде көп қолданады. Канифольдың еруін қадағалай отырып өзіне керекті бір деңгейге жеткізіп қыздыруды тоқтату керек. Қыздырылған тақтаны плиткадан алғаннан кейін де канифоль еруін жалғастырады, әсіресе мыс тақтасы ұзақ суиды, соны ескеріп қыздыруды уақытында тоқтатуын қадағалау керек. Қызып тұрған тақтаны жылдам суыту үшін суланған салқын матаның үстіне тақтаны қоюға болады.

Тақтаны төсеммен жабу. Күйдірілген офорт сызықтарына қарағанда акватинта төзімсіз. Сол себептен акватинта қышқылда аз ұсталады, соған байланысты тақтаның шетін, артқы бетін жылдам кебетін лакпен жабуға да болады.

Күйдіру. Офортқа қарағанда акватинтаға арналған қышқылды әлсіздеу жасау керек. Қышқылы мықты болса онда канифоль металдан ажырап кетеді. Акватинтада реңдік көріністі беру үшін дайындалған тақтаны 1–2 секунд қана қышқылда ұстаймыз, ал реңді қарайту керек болса қышқыл құйып мықтылығын беру қажет емес, тек сол қышқылда көбірек ұстаса болды.

Тақта бетінде нақты керекті реңдер шығару үшін алдымен бір тақта бетіне әртүрлі уақыт өлшемі бойынша күйдіру орындалады. Қанша уақытта қандай реңдік көріністі көрсететінін біліп отырамыз. Ол үшін акватинта себілген тақтаны бірнеше бөлікке бөліп бірінші бөліктің бетін лакпен жабамыз да тақтаны қышқылға саламыз. Уақытты белгілей отыра әр бес секунд сайын бір бөліктің бетін рет–реті бойынша лакпен жауып отырамыз. Сонда әр бөлік уақыт ұзақтығы арқылы қандай рең беретінін білеміз. Әр бөліктің астына қарындашпен уақытын белгілеп отырамыз. Осы шкала бойынша өзіне керекті реңді табу жеңіл болады. Жұмыс жасар алдында осындай шкала орындалады және сол қышқылда жұмыс күйдіріледі. Келесі күні ол қышқылдың құрамы өзгеріп басқаша болуы мүмкін.

Ақ жерлерін лакпен жауып рең берілетін жерлеріне акватинта қолданылады. Бірінші ақшыл реңнен бастап күйдіріледі. Осыған байланысты офортист қанша рет күйдіру керек екенін және қанша ұзақтықта қышқылда ұстау керегін анықтайды.

Күйдіру кезінде тақта бетіндегі сызықтардан көпіршіктер пайда, көпіршіктер ауа жібермей күйдірілу бәсендейді оны қаздың қауырсынымен немесе қылқаламмен ақырын сүртіледі. Әр күйдіруден кейін тақтаны сумен жуып кептіреді. Белгіленген жерлерді шкала бойынша күйдіріп болғаннан кейін тақтаны жақсылап сумен жуамыз да тақта бетіндегі лак пен канифольды тазартуға көшеміз. Лакты керасин немесе скипидармен тазалап канифольды скипидар немесе ацетонмен жақсылап тазалаймыз.

Акватинтаны қағазға басу. Офортқа қарағанда акватинтаны басуда өте сақ болу керек. Тақтадағы бедерлер қатты қысыммен басылғанда жіңішке бедер сызықтар жалпайып сурет бұзылып кетуі мүмкін. Сондықтан станоктың қысымын ақырындатып, басылған алғашқы басылымдарын негізгі

басылым ретінде сақтаймыз.

Офортқа қарағанда акватинтада бояу сұйықтау болғаны дұрыс. Бояуды сызықтардың арасына теріден жасалған тампон арқылы нығыздап жағады.

Тақтадағы суретті түзету. Акватинта баспа тақтасының өзінің ерекшелігі бар. Мыс пен мырыш тақтасында түзету жұмыстарының жеңіл жолдары мынандай. Тақта бетін құмқағазбен тегістеуге болады. Акватинтада қайта күйдіру жұмыстың сапасын жоғалтады, сондықтан түземейтін жерлерін лакпен жауып құмқағазбен тазаланған жерлерін инемен сызып немесе қайта акватинта орындауға болады.

Дымқыл акватинта. Дымқыл акватинтаның екі түрі бар. Осы акватинта түрінің аталуы сұйық заттармен араластыру нәтижесінде шыққан.

1.Қою ерітіндіні канифоль мен спиртті араластыру арқылы жасалады. Ерітіндіні тақта бетіне жағар алдында 1:1 мөлшерде канифоль мен спиртті араластырып дайындайды. Тақта бетін майлы дақтардан кетіріп, ерітіндіні тақта бетіне құяды. Тақтаны тегіс жазықтық бетіне орналастырып, тақта бетіндегі ерітіндінің спирті кепкенге дейін ұстаиды. Ерітіндінің спирті ұшып кеткеннен кейін метал бетінде акватинтаның әртүрлі үгінділері жабысып қалады. Оны балқыту қажет емес. Келесі атқарылатын жұмыстар акватинтаның алдында жасалған жолдары бойынша орындалады.

2.Ұнтақталған канифольды шыны құтыдағы суға салып жақсылап араластырамыз. Ірі ұнтақтар құтының астына түсіп ұсақтары сумен араласқан күйінде болады. Тақтаны көлбей ұстап жалпақ қылқаламмен тақта бетіне канифольмен араласқан суды жағамыз. Су ағып кетеді де канифоль тақта бетінде қалып қояды. Канифольді қылқалам арқылы керекті жеріне жинақтауға болады. Кей кезде тақта бетіндегі су кепкеннен кейін канифольдің ұсақ ұнтақтарын керекті жерлерге қолымен себуге де болады. Бірақ сумен аққан әдемі канифоль көріністері суретке өзінше әсемдік береді. Тақта кепкеннен кейін канифольді балқытамыз. Одан кейінгі орындалу барысы алдында жасалған жолдар бойынша орындалады.

Көпқабатты акватинта. Тәжірибелі офортшылар күрделі жұмыс шығару үшін кей кездері көпқабатты акватинтаны қолданады. Тақтада белгіленген жерлерді акватинтаның әртүрлі үгіндісі арқылы бірнеше күйдіру әдісін қолданады. Бұл орындалудың ерекшелігі ұсақталған канифольдің әртүрлі өлшемдегі ұнтақтарын бір дақта қолдана білу және әдемі көрініс шығару. Акватинтаның барлық әдістерін бір композициялық шешімде қолдану ол суретшінің үлкен шеберлігін қажет етеді.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности техники выполнения офорта, в частности манеры акватинто. Автором выделены необходимые профессиональные навыки и умения будущих графиков. Техника офорт автором рассматривается как одна из интересных и насыщенных техник графики.

Summary

In given clause features of technics of performance of an etching, in particular manners акватинто are considered. The author allocates necessary professional skills and skills of the future schedules. The technics an etching is considered by the author as one of interesting and essential техник schedules.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

К.К.Келденова -

академиялық живопись кафедрасының аға оқытушысы

Егеменді еліміздің бүкіл әлемдік өркениет кеңістігінде өз орны бар мемлекет деңгейінде дамуы мен өркендеуі халқымыздың менталитетінің болмысына, әсіресе жас ұрпақтың бүгінгі тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңдегі нарықтық, саяси-экономикалық жағдайдағы іргелі бетбұрыстардың қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға әсер етуі, ғаламтану үрдісінің рухани өмірімізде қарқынды дамуы, жеке адам мен қоғам арасында жаңа қатынастар қалыптастыруда. Мұның өзі мәдени құндылықтарға жаңаша көзқарастар туғызады. Осы ретте мектеп оқушыларының көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне деген қызығушылығын дамытып, өнер үлгілерін қастерлеуге, бағалап, талпындыру, көркем-эстетикалық тәрбие беру жалпы білім білім беру жүйесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып саналады.

Бүгінгі күні орта мектептерде жүргізіліп жатқан маңызды реформалардың бірі, білім жүйесін гуманитаризациялау болып табылады. Жас ұрпақтың көркем – эстетикалық тәрбиесінде халықтық қолөнердің алатын орны ерекше. Халықтық қолөнер мен сәндік-қолданбалы өнер жұмыстарын оқып-зерттеу, оқу тәрбие үдерісінде қолдану, жеке тұлғаның бойындағы мәдени құндылықтардың қалыптасуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жас ұрпақ бойында патриоттық сана сезім, патриоттық іс-әректтерді қалыптастыру бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасында бұрынғы кезде кеңестік дәуірде «барлық республикалардағы орта мектептер бір үлгіде болғандықтан олар ұлттық мәдениет бастауларынан алыстап қана қоймай, әлемдік білім беру кеңістігінен де оқшауланды», - делінген. Яғни, орталықтан ұсынған бейнелеу өнері бағдарламалары, оқулықтары жас жеткіншектерді өз халқының мәдени жетістіктерімен сусындатуға мүмкіндік бермеді. Бірақ соның өзінде осы мәселелерімізге қатысты еңбектер біраз баршылық. Сәндік-қолданбалы өнерін мектепке дейінгілер мен жалпы білім

беретін мектеп оқушыларының көркем-эстетикалық тәрбие меңгеру құралдары ретінде пайдалану ТМД елдерінің С.П. Сакулина, А.П. Усова, Ч.А. Флерица, З.Г. Богатаева, Ч.И. Васильева, Ю.В. Максимов, Л.Н.Любарская және т.б ғалымдаының еңбектерінде зерттелген. Халықтық колөнердің көркем мәдени мұралық ерекшеліктерін Ә. Марғұлан, М. Мұханов, Х. Арғынбаев, С. Қасисанов, Ә.Тәжімұратов, Қ. Әмірғазин, Қ.Ералин ашып көрсеткен. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің білімдік, тәрбиелік мүмкіндіктерін педагог-ғалымдар Б.Әлмұханбетов, Ж.Балкенов, Қ.Ералин, Ә. Қамақов, С. Жолдасбекова, Б. Ижанов, Ұ.Әбдіғаппаров, Е.Асылханов, С.Аманжолов, А.Сихаев, Т.Мүсалимов, М.Абдрасылов, И. Симснор, Д. Кемешов, А.Павловский, М.Тәңірбергенор, М. Матаева ерекше бағалаған.

Алайда, бұл зерттеулерде қосымша білім беру жүйесінде сәндік-қолданбалы өнер негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие беру мәселелері мүлде қарастырылмаған. Демек, бүгінгі қоғам сұранысының талабына сай қосымша білім беру жүйесінде сәндік-қолданбалы өнер негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие беру мәселелері теориялық тұрғыдан шешу қажеттігі мен бұл проблеманың ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз зерттеліп, арнайы әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі арасындағы жетіспеушіліктер бар екені анық байқалады.

Қазақ халқы сан жылдар бойы аса биік талғампаздықпен жасалған ғажайып ұлттық өнер туындыларын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Бүгінгі күні мектепте ағаштан, теріден, жүннен, сүйектен, металдардан және т.б. табиғи материалдардан жасалған көркемдік құндылығы өте жоғары әсем бұйымдар халық игілігіне айналмай, тек мұражай экспонаттары ретінде сақталуда. Жалпы білім беретін орта мектептердің барлық оқу жоспарлары бейнелеу өнері пәніне бөлінген сағат жүктемелерінің шектеулі болуы, типтік оқу бағдарламаларының мазмұнында қазақтың дәстүрлі мәдениетін тереңірек оқып-үйренуге назар аудармауы оқушылардың рухани қазыналарына шет қалуына әкеп соғуда.

Соңғы жылдары түрлі этностардың жас буынға білім мен тәрбие беруде жинақтаған педагогикалық тәжірибесін оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану бойынша көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында этнопедагогикалық теориялы-әдіснамалық, тәжірибелік мәселелері қарастырылған. Г.Н.Волков секілді педагог-ғалымдардың ғылыми зерттеулерін ерекше атап өткен жөн. Сонымен бірге Қазақстан ғалымдары ішінен халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі педагогикалық білімін, ауызекі әдебиетін, ән-күйін, сәндік-қолданбалы өнерін, салт-дәстүрін, даналық ой-пікірін, кәдесіне жарату, амал-жолдарын іздестіру бойынша өз үлестерін қосқан Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С.А. Ұзақбаева, М.Х. Балтабаев, А.Мұхамбаева, Т.А.Қышқанбаев және т.б. ғалым-педагогтардың

еңбектерінде, қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдістемелік мәселелері бойынша өз шешімдерін тапқан деп айтуға болады.

Еліміздің нарықтық қатынастар жағдайы жас жеткіншек тәрбиесіне қатысты көптеген педагогикалық мәселелерді өмірге әкеліп, ғалым-педагогтардан оларды шешу жолдарын табуды қажет етуде. Солардың бірі ретінде орта білім беру орындарындағы оқыту үдерісінде қазақ сәндік-қолданбалы өнері арқылы мектеп оқушыларға көркем-эстетикалық тәрбие берулеудің әдістемелік құрылымын анықтау, қосымша білім беру жүйесінде халық өнерінің дәстүрлі үлгілерін, бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие беру мәселелерін зерттеу қажеттігі танылады. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы көркем-эстетикалық тәрбие беру мәселесін ұтымды шешу болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін қолданбалы өнер арқылы, ұлттық өнері арқылы дайындау мәселесімен тығыз байланысты.

Ұлттық өнер, сәндік-қолданбалы өнер, мәдениет жөнінде айтқанда, біріншіден, тарих тезінен өтіп, өзіндік сипатын сақтап келген халықтың рухани қазынасын айтамыз. Бұл қазіргі мұражайларда тұрған тарихи көне ескерткіштер болса, екіншіден қазіргі халық шеберлерінің қолынан шыққан көркем бұйымдар. Үшіншіден, осы халықтық бұйымдардың қазіргі кезеңде жаңаша көрініс табуы. Төртіншіден, осы құбылыстардың оқушылардың көркем шығармашылдығында өз қырынан сомдалуы. Егер осы жағдайды енді тікелей мектепке жанамалап айтатын болсақ, әрине. Бұл оқушылардың халықтық мұраны, ұлттық өнерді, дәстүлі өнерді, сәндік-қолданбалы өнерді өзінше қабылдауы, пайымдауы, бағалауы. Көркемдік талғамның мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие берудің сапалы түрде орындалуына тікелей байланысты.

Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер қазақ халқының дәстүрлі өмір салтымен, материалдық және рухани дүниесімен, ұлттық тәрбиесімен, халықтың психологиясымен ерекшеленетін әлем мәдениетіндегі өз орнымен сипатталады. Ерте және орта ғасырдағы қала құрылыстары, кешендері, Айша-Бибі, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Жошы хан, Алаша хан, Қожа Ахмет Йасауи жәдігерлерін, Есік қорған, Маңғыстау монументтік ескерткіш түрлерін, түркі кезеңінен келе жатқан тас мүсіндерді сөз етіп отырмыз. Бұлардың көркемдік пластикасы, эстетикалық сымбаты, түзілімдік сипаты, тарихи-рухани-мәдени дүниемізде алатын орны қазірге дейін мектеп бағдарламалары мен оқулықтарда жөнді қарастырылған емес. Олардың көркем-эстетикалық талғамның қалыптасуына әсері жөнінде мәселе ретінде көтеріліп, жеке зерттеулер де болған емес.

Барлық халықтарда дамудың төменгі сатыларында болатын және барлық негізгі аспектілерде тығыз сабақтастық сақталатын сақталатын өнер. Оның айрықша ерекшеліктері: шығармашылығының кәсіби сипат алмағандығы, оның жеке басқа тәуелсіздігі, мифологиялық символикаларға толы болуы, бүкіл діни табыну комплексімен ажырағысыз байланыстылығы. Олай болса қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнері дегенді халықтың

тіршілік етуі барысында дамып қалыптасқан өмір құбылыстарын, қоғамдық болмыс, сана нәтижелерін, адамның іс-әрекетімен көңіл-күйін, сезімі мен рухани дүниесін көркем тілі (түрлі бояудағы образдар, пластикалық образдар, көлемдік-кеңістік формалары, сурет пен реңдер, жарық пен көлеңке сызықтары) бейнеленетін форма мен қатынасы деп түсінеміз.

Эстетикалық талғам «түрлі эстетикалық сапа-қасиеттерге эмоциональды баға берудегі адамның қоғамдық практика барысында қалыптасқан қабілеті», өмір мен өнер сфераларында сұлу құбылыстардағы сұлулықты түсіну, баға беру, әлемдік пен парықсыздықты ажырата білу, пайымдау, баға беру қабілеті ретінде көрінеді. Сондай-ақ философиялық сөздікте айтылғандай «егер өнертуындыларына баға бергенде ондай талғам көркемдік талғам» болып табылады.

«Сәндік-қолданбалы өнер негізінде бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие беру - халықтық көркемдік образдар арқылы өмір құбылыстарын бейнелейтін әлуметтік-мәдени мұрасындағы нағыз сұлулықты түсініп, қабылдауы, баға беру және шығармашылық түрде меңгеру қабілеті» деп түсінеміз.

Жалпы алғанда ұлттық өнер арқылы оқушылардың біліктілігін, іскерлігін, машықтылығын, дағдысын жетілдіру, оның көркем-эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытып қана қоймай, сонымен бірге жалпы адамзаттық мұраны ұғуға, ұятжандылық қасиеттердің артуына мол мүмкіндіктер жасайтыны сөзсіз.

Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің негізінде оқушылардың көркем-эстетикалық талғамын қалыптастыру және олардың көркем шығарманы орындаудағы қызығушылықтарының пайда болуына әсер етеді. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің негізінде оқушылардың көркем-эстетикалық талғамын қалыптастыру барысында оқу және шығармашылық міндеттер ажыратылмауға тиіс. Олай дейтініміз халық шеберлерінің және олар жасаған бұйымдарын пайдаланушы адамдар әдемі етіп шебер жасай білуді де, осының негізінде пайда болған заттарды да өнер деп таниды. Сондықтан да олар үшін өнер шығармасы шеберлік пен өнертапқыштықтың, шығармашылық шешімінің қосындысы.

Біз бұған дейін бағдарламалар мен мектеп үшін жазылған оқулықтарға сүйенсек, мұнда жетекші орын бейнелеу өнер түрлерінің ішінде суреттің алатын орнын байқаймыз. Сәндік-қолданбалы өнер мүмкіндіктері жалпылай айтсақ реалистік бейнелеу өнерімен ғана шектелмейді. Егер нақтырақ айтатын болсақ ондағы негізгі мазмұндық айқындаушы белгі, оның пластикалық сипаты және осы пластикалық сипаттан туындайтын рәміздік негіздерге сүйенеді. Рәміздік негіз біздің біздің жағдайымызда әлемнің ұлттық бейнесі арқылы оқылады.

Оқушылардың жалпы адамзаттық құндылықпен тығыз байланысы және де одан туындап қалыптастасатын дүниенің модельдік үлгісі: вертикалді үштік; кеңістік; көлбеу төрттік кеңістік, әлеуметтік таным түрлері: тұрмыс-

салт; ырым-жоралар; әдет-ғұрып, діни мифологиялық таным: мифтік, діни, фольклорлық болып қарастырылып оған қатысты сәндік-қолданбалы өнер мүмкіндіктеріне қол өнері, ою-өрнек өнері, зергерлік өнер, сәулет өнері, бояу түсін қарастырды. Оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыруда сәндік-қолданбалы өнердің көркемдік мүмкіндігі негізінде тәрбие беру және көркем-эстетикалық қабылдау, көркем-образды тілді меңгеруі, түйсіну болып табылады. Бұлардың негізінде сәндік-қолданбалы өнердің синтездік сипаты қалыптаса келе сәндік-қолданбалы өнердің басқа пәндермен тығыз байланыста болатынын дәлелдейді. Олар өзін-өзі тану, қазақ тілі және әдебиет, көркем еңбек, қазақстан тарихы, дүниетану, математика т.б. мысалы: ән сабағында қазақтың дәстүрлі ән-жырлары, өлеңдеріне деген оқушылардың сезімдерін оята отырып, ән арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру, өзін-өзі тану пәнінде оқушылардың сәндік-қолданбалы өнер арқылы көркем-эстетикалық талғасын қалыптастыруында қоршаған ортаны тануға деген ізгіліктің қатынастарына тәрбиелеу.

Сонымен бастауыш мектеп оқушыларына бойында жеке тұлғалық қасиеттерін дамытып, оларға көркем-эстетикалық тәрбие беруде сәндік-қолданбалы өнердің алатын орны зор.

1. қазақтың сәндік-қолданбалы өнердің әлеуметтік жағдайларға байланысты қалыптасу ерекшелігі мен даму жолы, олардың түрлі ой-санаға, дүниетанымдық түсініктерге, әсемдік сипатына және рәміздік белгілеріне қатысты мазмұндық ашылуы, оқушылардың ақыл-ойын жетілдіріп, білім береді;
2. қазақтың сәндік-қолданбалы өнерді тереңірек меңгеріп, олармен іс-тәжірибе жүзінде шұғылдану, өнерді дұрыс қабылдап, түсінуге, көркемдік талғаммен басқа өнердің арасынан жоғарысын таңдай білуге, жақсы мен нашарды айыра білуге, жеке және ұжымдық еңбекке деген жаңаша көркм талғамын қалыптастыруға тәрбиелейді;
3. қазақтың сәндік-қолданбалы өнер арқылы бастауыш мектеп оқушыларына көркем-эстетикалық тәрбие беру оқушылардың теориялық білімдерін жетілдіреді, практикада оларды еркін қолдана білуге үйретеді, оларды шығармашылық ізденістерге итермелейді, сөйтіп жеткіншектің бойында эмоциональды екпінділікті, рухани-білімпаздылықты, жеке тұлғалық сапаны дамытады.

1. *Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы, 1987.*
2. *Амиргазин К.Ж. Теоретические основы и методика обучения школьников казахскому декоративно-прикладному искусству. - М., 1994.*
3. *Марғұлан А.Х. Қазақ ұлттық қолөнері: в 3 т. - Алма-Аты, 1994.*
4. *Шацкая В.М. Общие вопросы эстетического воспитания в школе. - М., 1974.*
5. *Шпикалова Т.Я. Народное искусство на уроках декоративного рисования. - М., 1979.*

Резюме

В статье рассматриваются проблемы художественно-эстетического воспитания детей в системе дополнительного образования. Автор раскрывает психолого-педагогические аспекты методики художественно-эстетического воспитания и обучения детей младшего школьного возраста в системе дополнительного образования на материале национального искусства.

Summary

This article discusses the problems of art and aesthetic education of children in the system of supplementary education. The author reveals the psychological and pedagogical aspects of how art and aesthetic education and training of primary school-age children in supplementary education materials for the national art.

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОБЪЁМНЫХ ИЗДЕЛИЙ ДПИ (ОЖАУ)

Л.С. Зеленский–

старший преподаватель кафедры декоративно-прикладного искусства

В настоящее время декоративно-прикладному искусству уделяется повышенное внимание как со стороны правительства нашей страны, так и со стороны населения. И этому способствует несколько причин. Изменения во внешней политике государства способствуют расширению международных контактов и в сфере искусства. Резко повысился интерес на международных рынках к изделиям декоративно-прикладного искусства Республики. У населения нашей страны повышенным спросом стали пользоваться предметы кухонного атрибута и, в особенности, посуда.

В Казахстане особое место занимает деревянная посуда, представляемая в виде кумысных наборов для употребления традиционных национальных напитков – кумыса, шубата, приготавливаемых из кобыльего и верблюжьего молока. Специфика этих напитков определяет применение деревянной посуды.

Начальный этап работы над композицией является наиболее сложным. Поэтому методические рекомендации следует направить, в первую очередь, на него. Вопреки бытующему мнению свободы творчества, сущность методического приёма заключается в организации управляемого творческого процесса студентов.

Свобода творчества – это прерогатива сформировавшейся творческой личности, профессионального художника. Мы же имеем дело с обучаемыми (студентами), которых предстоит научить работать творчески. Предлагаемые же задания по созданию композиций не являются составляющими творческого процесса. Они лишь средства для упражнений в процессе

изучения методологии, сущности творческого процесса, «кухни» сочинительской деятельности.

В связи с этим, не следует пускать обучаемых (студентов, школьников и вообще учеников) в «свободное плавание». В решении поставленной задачи надо двигаться постепенно, шаг за шагом, осваивая теоретические аспекты, приобретая знания законов пластики, трансформации конструкций, стилизации, а также учиться применять законы композиции, её средства и категории, понимать сущность художественного образа.

Хотелось бы напомнить, что основа обучения – это принцип «от простого к сложному». Поэтому каждый из предложенных вариантов необходимо «отработать» в форэскизах отдельно.

Задание (вариант) для всей группы должно быть одинаковым, чтобы студенты (обучаемые) могли понаблюдать за ходом работы своего соседа. А после общего выставления в конце этапа, под руководством преподавателя обсудить результаты своей работы и работы своих товарищей.

И только после отработки каждого варианта преподаватель рекомендует ту или иную, наиболее удавшуюся, композицию одного из вариантов для перевода в эскиз. Вмешательство преподавателя на этом этапе также необходимо, поскольку сами студенты ещё не готовы полностью разобраться в достоинствах своей работы. В результате каждый студент получит моральную поддержку – кто-то окажется сильнее в «орнаментальном» варианте, кто-то – в «скульптурном». При этом оценивать эскизы надлежит по художественным достоинствам, а не по сложности жанра (варианта).

В зависимости от выбранного варианта в эскизе предусматривается и чисто художественная отделка готового изделия (резной орнамент, насечка, украшение перламутром и т.п.).

При эскизировании ожау наиболее удобным является выполнение рисунков по законам проекционного черчения. Это даёт более полное представление о конструкции и пластике будущего изделия, его размеров (размеры в эскизе следует брать натуральные М 1:1). С такого эскиза легче выполнить шаблоны, необходимые в дальнейшей работе с материалом.

Шаблоны следует выполнить из плотной бумаги или картона. Они представляют собой вырезанные по контуру проекции будущего изделия. С помощью шаблона производится перевод рисунка на заготовку и восстановление его в процессе резьбы. Использование шаблонов заметно сокращает время нанесения рисунка на заготовку и позволяет более точно перенести нюансы найденные в эскизе.

Наиболее предпочтительным считается подход художника к созданию композиции изделия через его функциональность. Задача создать изделие удобным в использовании, изящным и вместе с тем простым по конструкции, является наиболее сложной. Чаще всего её решение удаётся найти при чётком определении функций изделия в сочетании с пропорциями массы

составляющих частей, при одновременном выражении свойств материала, из которого изготавливается данное изделие (текстура, цвет древесины и т.д.).

Түйін

Мақалды декоративті қолданбалы өнер көлемді бұйымдарының эскизлерің орындау тәсілдері және осы кезеңдеті студенттердің шығармашылық жұмыстарына жетекшілік ету жазылған.

Summary

The article describes the three-dimensional decorative art handicrafts sketching methods and contains manuals for students' artistic work at that stage.

КУЛЬТОВЫЕ ВЕЩИ МИРОВОГО ДИЗАЙНА 1900-1910 гг.

С.С. Киргизбекова–

ст.преподаватель кафедры графики и дизайна КазНПУ им. Абая

Макинтош, будучи одним из "отцов" британского модерна, определил для последователей направления развития стиля, а сам пошел иным, уникальным путем, успешно избежав и символичности, и орнаментальности, и прочих составляющих модерна. Вместо упругих изощренных кривых - прямая линия и прямой угол.

У стульев этого семейства очень высокая спинка. Кажется, что дизайнер изменил требованиям функциональности, потакая своим эстетическим капризам. Но не мешает вспомнить, что этот стул предназначен специально для спальни. Это не просто сиденье, а ещё и вешалка, на которой можно оставить головной убор и повесить одежду - горизонтальные перекладины весьма к этому располагают. Это своеобразная ширма, которая делит помещение на функциональные зоны. Это почти скульптура - вертикальная доминанта, организующая пространство интерьера. А еще это прототип оп-арта: планки, перекладины и промежутки между ними играют со светом и отбрасывают тени.

В Соединенных Штатах идеи art nouveau были воплощены Луи Комфортом Тиффани, родившимся в 1848 году в семье Чарльза Тиффани, основателя ювелирной компании Tiffany & Co., которого называли "королем бриллиантов".

Но подлинного совершенства Тиффани добился в дизайне настольных ламп. Сейчас наличие лампы Тиффани в коллекции - предмет гордости любого коллекционера. Выставленная недавно на аукционе лампа Zinnia была продана более чем за \$1 млн.

Человеческая геометрия всегда стремилась к прямому углу. Они

засевали прямоугольные поля, строили прямоугольные дома. Такое стремление было, кроме всего, и практичным. Но с появлением машинного производства стало ясно, что вещи можно делать любой формы.

На рубеже XIX и XX вв. мастера модерна начали делать новую мебель, воплощая свой творческий манифест. Их интересовала новая форма, а не технология. Архитекторы все больше осознавали себя законодателями мод, хотя дизайн еще не выделился в самостоятельную сферу искусства. Одним из таких архитекторов был знаменитый Антонио Гауди.

В 1900 году на Всемирной выставке в Париже Карло Бугатти был удостоен серебряной медали, а в 1902 в Турине - почетного диплома. Там он представил на суд публики спиральную комнату, вошедшую в анналы истории дизайна.

Пройдя через низкую арочную дверь, человек оказывается в идущем под уклон спиральном коридоре, который ведет в круглую комнату. Стены гостиной увешаны огромными декоративными дисками. Она обставлена банкетками, стульями под названием "Кобра", кушеткой с большой головой улитки. Интерьер Бугатти вызвал на выставке фурор.

Вена стала одним из наиболее значительных центров модерна. В знак своего отхода от традиционного стиля группа в основном молодых художников, среди них Коломан Мозер и Отто Вагнер, основала в 1897 г. Венский сецессион. Журнал «*Ver Sacrum*» стал важным элементом нового искусства.

Райт - знаменитый американский архитектор, основатель и ведущий мастер школы органической архитектуры, крупнейшая фигура в истории архитектуры. Пересечение прямоугольных объемов под прямым углом - один из характерных приемов равновесия композиции, применяемый Райтом. Позднее, в период ар деко, мебель Райта, не изменяя геометризму, несколько отходит от строгих прямоугольных объемов.

Австрийский архитектор, градостроитель, дизайнер, одна из ключевых фигур венской культуры рубежа 19-20 веков. Возглавлял движение "за современную архитектуру". Построил очень много - доходные дома, виллы, церкви, банки. Разрабатывал удобные, функциональные интерьеры для своих архитектурных проектов, создавал мебель. Его девиз: "Необходимость - единственная госпожа искусства".

Австрийский архитектор и дизайнер. Участвовал в создании Венского сецессиона. В 1900-02 гг. построил комплекс вилл, 1904-06 санаторий в Пуркерсдорфе, 1905-11 дворец Стокле в Брюсселе, многочисленные павильоны выставок. Проектировал мебель, посуду, ювелирные украшения, текстильные рисунки.

Итак, первое десятилетие нового, XX века, с которым связывалось столько надежд, ознаменовалось энергичным наступлением стиля модерн на всех участках культурного фронта. Однако этому художественному многообещающему течению суждено было сойти со сцены с такой же

внезапной быстротой, с какой оно заявило о себе в конце XIX столетия. Фактически модерн исчерпал себя ещё до начала первой мировой войны.

По окончании войны в искусстве начинается новая полоса исканий и экспериментов. Невиданные до тех пор темпы и масштабы строительства, и многообразие направлений развития искусств порождают крайне сложную, можно сказать хаотичную ситуацию.

Для простоты ориентировки первые шесть десятилетий XX века можно подразделить на три коротких периода:

I - 1900-1914 гг. (до начала первой мировой войны) - интенсивное развитие художественной культуры, продолжавшееся 14 лет, внезапно прерывается войной, которая повергла всю Европу в состояние глубокого застоя.

II - 1919-1939 гг. (до начала второй мировой войны) - в ходе нового подъёма художественная культура эпохи претерпела радикальные изменения, но развитие и на этот раз было прервано войной (1939-1945), губительное воздействие которой теперь уже распространялось на все страны и континенты.

III - 1945-1960 гг. - период складывания современных форм - годы смелых экспериментов, осуществляемых на базе возросших технических возможностей, драматических поисков и блужданий, быстро сменяющихся теорий.

В первое десятилетие XX века в Европе происходило развёртывание движения за обновление искусства. Несмотря на то, что принципиальные основы этого движения, уходившего корнями вглубь XIX века, по своей сути повсюду были одинаковыми, сопровождалось оно и возникновением местных национальных школ. Новые материалы и техники воодушевляли передовых архитекторов на создание смелых, отвечающих духу современности произведений. Поиски велись в самых различных направлениях. Для инженерной мысли задачей первостепенной важности являлось освоение материалов и принципов конструирования.

В Бельгии, Германии и Австрии историзму противопоставляются формы и орнамент модерна, и формируется (тоже на основе этого стиля) новая культура жилого интерьера. Однако всё это лишь этапы на пути к осуществлению более грандиозной задачи: создания для человека единой, гомогенной предметной среды. Решению этой задачи, созданию «настоящей формы» отдают все свои силы талантливейшие архитекторы и художники эпохи. «Разумная (практическая) красота» становится одной из основных тенденций в идеологии и практике новой художественной промышленности. Однако страстные поклонники техники и машин отдают предпочтение так называемому абстрактному направлению модерна. По их мнению, утилитарная конструкция может быть красивой и без орнамента: орнаментальное, эстетическое начало заложено уже в самой форме предмета. Иными словами, стилизованному растительному - флореальному

направлению они противопоставляют динамический линейный орнамент, как соответствующий новой технике в архитектуре и художественной промышленности.

Новые течения начинают проникать в архитектуру стран Европы около 1900 года. Первыми крупными шагами в этом направлении является возникновение различных художественных объединений художников и промышленных организаций, которые, по мере развития производства продукции, постепенно разрастаются до союзов.

Кризис модерна наступил довольно быстро. И как не парадоксально, многие видные мастера, ещё недавно ратовавшие в его пользу, весьма быстро отказались от этого стиля. Жилой дом начинает трактоваться единой формой, не терпящей никакого декора. Таким образом, развитие идёт в сторону так называемой вещности, т.е. от форм, порождённых фантазией художника, к необходимым, истинным или чистым формам. В итоге модерн, рано обнаруживший признаки «усталости», уже в конце первого десятилетия XX века начинает вытесняться новым стилем - конструктивизмом.

В основе этого нового движения в европейской архитектуре и художественной промышленности лежала этика целесообразности, предполагавшая рациональные, строго утилитарные формы, очищенные от декоративной романтики модерна. Энтузиастами передового течения являлись крупные немецкие архитекторы: Анри ван де Велде, Петер Беренс, Герман Мутезиус, Вальтер Гропиус. На художественно-промышленной выставке, организованной в 1906 году в Дрездене, наряду с уникальными, исполненными традиционным кустарным способом произведениями, впервые демонстрируются предметы массового промышленного производства (печные дверцы, лампы и т.д.). Фабричный продукт дебютирует на этой выставке в роли эстетически освоенной машинной формы, пока ещё не совсем свободной от неизбежных декоративных «примесей», привнесённых извне. Дрезденская выставка положила начало развитию союза индустрии и искусства.

В 1999 году был юбилей деятельности одного из старейших художественных объединений. На это время его давно уже ставшее классическим здание стало красным (акция швейцарского художника Маркуса Гайгера), что, как и сто лет назад, служит источником противоречивых суждений. Диапазон мнений - от "Кетчуп-Сецессион", "Сецессион легкого поведения" (цвет губной помады - Rouge vulgaire) до "лучшее, что происходило в последнее время". Проходила выставка "100 лет Сецессион. 100 лет художественной свободы". В зале под золотым куполом стенды салатного цвета. Работы выставлялись на полу на нескольких кусках поролон.

В Вене до 1962 года вообще не было другого пространства для современного искусства! Сецессион же всегда его показывал, а не только Югендстиль. Мондриан, Матисс, Леже, Поллок, Лисицкий и Кандинский -

все они были здесь. Для Австрии это - действительно большая заслуга. А в интернациональном плане - это действительно совершенно неожиданно, что старейший дом специально занимается только современным искусством. Были, конечно, немецкие и французские музеи, среди прочего занимающиеся современностью, но здесь это было программой. Хотя были и неудачные периоды, но в целом за последние пятьдесят лет Сецессион находится на высоком интернациональном уровне.

Сецессион совершенно уникален тем, что не имеет директора. Общее собрание из 180 художников в этом зале выбирает правление из 12, которое и составляет выставочную программу. Получается так, что художники приглашают других художников. И здесь есть хорошие и плохие стороны. Преимущество в том, что никто не связывает с выставкой свою карьеру (как это бывает в музеях). Поэтому часто приглашаются те, кого не выставит ни один музей. Убедительный пример - выставка русского акционизма: художница Йохана Кандл поехала в Россию, познакомилась там с художественной сценой и составила экспозицию. Во всяком случае, ни один музей не пригласил бы Бренера, но художники сказали: "Нет, нет, это о'кей!" А плохо то, что правление всегда было мужским (сейчас есть и женщины), поэтому и выставлялись соответственно только мужчины. Первая персональная выставка женщины в главном зале состоялась в 1990 году. Через 92 года после основания Сецессиона! И другой пример - в 1958 году отказали Бранкузи, аргументировав тем, что он плохой художник (правление состояло из скульпторов, и все они боялись конкуренции)!

Сецессион всегда был одним из важнейших центров современного искусства. Существовало единство художественного мышления этого столетия. Создается другое отношение людей к Сецессиону. Ведь вначале здание тоже было спорным (называли и ассирийским туалетом и вокзалом). Нужно учитывать, что белым Сецессион стал только в 1986 году, а до этого часто менялся. Например, стены послевоенного времени. Причем до сих пор считают, что разрушили его союзники, но это совершенно неправильно! Чтобы Красной армии не достался склад оружейной фабрики, расположенной в здании, Вермахт его уничтожил. Потом остатки хотела снести городская администрация.

Түйін

XX-ғасырдың алғашқы онжылдығына алғы шептегі сәулетшілер қазіргі заманның талабына сай батыл шығармалар жасады және өздеріне тапсырмалар қойды, адам үшін біртутас, галогендік заттық ортаны күрү, «нағыз» форманы куру.

Summary

The progressive-minded architects of the first decade XX of the century of makes daring corresponding to spirit contemporary of work posed before themselves the problems: creation for the man of united homogeneous object medium, to the creation "present form".

КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА МҮМКІНДІКТЕРІ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨРКЕМ ҚИЯЛЫН ДАМУЫ

Н.Е.Ажитаев –

графика және дизайн кафедрасының ассистенті Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры.

Информатика пәнінің орта білім беру жүйесіндегі ролі ақпараттық білімнің, ақпараттық орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді етудегі және жаңа ақпараттық қоғамда кәсіпкерлік қызметтің басты құрамды бөлігі болып табылатын ақпараттық бейнесін қалыптастырудағы алатын орнымен қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда компьютерлік дизайн, Web-дизайн, жүйелік программалаушы, администратор және тағы басқа мамандардың қажет екендігін түрлі жарнамалық газеттерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан да көруге болады. Аталған мамандықтарды қалай дайындап, оларға қандай программалық құралдарды үйрету арқылы жетілдіруге болатыны әдістемелік жұмыстың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мектеп бітірушілер компьютерлік сауаттылықты меңгеріп шығады, бірақ келешекте олар программалаушы, инженер, жүйе администраторы болуы міндетті емес. Дегенмен кез-келген шығармашылық мамандық қазіргі заманға сәйкес компьютерлік технологияларды меңгеруді талап етеді.

Адам баласының кез-келген іс-әрекетін тиімді тәсілдермен шешу, кәсіби мобильдікке кең ғылыми технологияны пайдалана алу, білімнің маңызды міндеті болып табылады. Бұл технологиялар дербес компьютермен жұмыс істеуді жеңілдетті, оған арнайы техникалық білімі жоқ адамдарда қол жеткізе алатын болды. Сонымен қатар, қазіргі кезде кең ғылыми техниканы пайдалану, әр-түрлі кәсіби және жартылай кәсіби дербес компьютерде жұмыс істеуге арналған бағдарлама өнімдерінің пайда болуына да қатысты.

Енді, бүгінгі таңда ақпараттық технологияның динамикалық тұрғыда дамып келе жатқан, адам іс-әрекетінің көптеген салаларында пайдаланылатын саласының бірі - компьютерлік графика құралдарына да толығымен қатысы бар (компьютерлік моделдеу және дизайн, полиграфия, үш өлшемді графика және анимация, сәулет өнері, бейнеөндіріс, мультимедиа, презентация және т.б.). Осылай, көптеген суретшілерге, графиктерге, дизайнерлерге осы уақытта дербес компьютер композиция табуда, колорит іздеу үшін және де көркем шығарма жұмысында, оны аяқтау кезеңіне дейін жеткізуге керекті құрал болып табылады. Сонымен бірге, олар дәстүрлі жанрда, және де тек қана компьютерлік графикаға қатысты жанрларда да жұмыс істей алады.

Қазіргі заманғы мұғалім тексттік ақпаратты, мағлұматтар базасын

сақтауда және өңдеуде компьютерлік құралдарды меңгере отырып, кәдімгі үйреншікті операцияларды орындауға кететін уақыт санын анағұрлым босатады. Бұл жағдайда студенттерге болашақ кәсіби іс-әрекеттер үшін керекті компьютерлік графика саласы бойынша біліммен машықтарды меңгеру үшін аппаратты-бағдарламалық базада оқу курстарын құру маңызды тапсырма болып табылады.

Дербес компьютермен жұмыс істей отырып студентте көптеген өзіндік қасиеттері: әсіресе кеңістікті меңгеру, образдық және логикалық ойлау, елестету, есте сақтау, көзбен өлшеу, тиянақтылық қалыптаса бастайды. Компьютерлік графика құралдарының көмегімен осы қасиеттерді дамыта отырып студенттердің көркем қиялына ерік беру. Студенттердің көркем қиялын ояту жолында оқу-әдістемелік құралдардың көмегі өте зор. Оқу-әдістемелері арқылы студенттердің көркем қиялын шығармашылық жұмыстарға бағыттау. Компьютерлік графиканың барлық мүмкіндіктерін толығымен қолдана және пайдалана отырып көркем қиялды дамытып қана қоймай, студенттерден қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, соның ішінде бейнелеу өнеріне тікелей қатысы бар компьютерлік графиканы жетік меңгерген толыққанды шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу.

«Компьютерлік графика» деген түсінік ағылшын тілінде («Computer Arts») - компьютерлік өнер деген ұғымды білдіреді. Ол соңғы ондаған жылдар ішінде графикалық ақпарат кеңістігінде кеңінен танымал болып, мамандардың ізденістеріне қарай үлкен жетістіктерге жетті. Өнертапқыштар мен ғалымдар өздерінің шығармашылық (кескіндеме, дизайн, мүсін, музыка, және поэзия) ізденістерінің нәтежиесінде суретшілер мен инженерлерге үлкен тың жаңалықтар мен жеңілдіктер жасады. /1/.

Компьютерлік графика – әр түрлі кескіндерді (суреттерді, сызбаларды, мультипликацияларды) компьютердің көмегімен алуды қарастыратын информатиканың маңызды саласы.

Дербес компьютерді пайдаланушылардың қатарында компьютерлік графикамен айналысатындардың саны күн санап артып келеді. Қазіргі кез-келген мекемеде кей уақытта газеттер мен журналдарға жарнамаларға тапсырыс беру немесе жарнамалық парақшалар мен буклеттер басып шығару қажеттілігі туындайды. Олардың кейбіреулері осындай жұмыстарды арнайы дизайнерлік бюролар мен жарнамалық агенттіктерге тапсырса, кейбіреулері қолда бар программалық құралдарын пайдаланып, өз күштерімен жасауға тырысады.

Қазіргі танымал программалардың ешқайсысы компьютерлік графикасыз жұмыс істемейді. Статистикаға сүйенсек, жаппай қолданыста жүрген программаларды жасап шығарушы программистік ұжымның қызметкерлері өз жұмыстарының 90 % уақытын осы графикамен шұғылдануға жұмсайды екен.

Графикалық программаларды кең көлемде қолдану қажеттілігі

Интернеттің және бірінші кезекте миллиондаған интернет парақтарын бір «өрмекпен» байланыстырған World Wide Web қызметінің пайда болуынан туындады. Өйткені компьютерлік графикасыз безендірілген web-парақтың бүкіләлемдік желіде басқалардың көзіне түсіп, танымал болуы екіталай.

Қазіргі компьютерлік графика тек көркемдеу мен безендірумен үшін ғана емес, ғылым мен медицинаның барлық саласында, коммерциялық және әкімшілік қызмет орындарында алуан түрлі ақпаратты көрнекі түрде көрсету үшін сызбалар, графиктер, диаграммалар жасау үшін қолданылады.

Конструкторлар автомобильдің немесе ұшақтың жаңа үлгілерін құрастырған кезде олардың соңғы көрінісін алу үшін үшөлшемді графикалық объектілерді қолданады. Архитекторлар монитор экранында болашақ ғимараттың кең көлемді кескінін жасап, оның жер бедерімен қалай жанасатынын алдын-ала болжай алады.

Компьютерлік графиканы көркем өнерде қолдану дегенді бағдарламалық әрі дербес компьютердің ақпарат құралдарын кең көлемде көркем сурет өнерінің дәстүрлі түрлерінде пайдалану деп түсіну қажет. Компьютерлік графика түрлерінің атқаратын міндеттері әр түрлі.

Көркем компьютерлік графика негізінен кескіндеме, сурет, сәндік қолданбалы өнер, көркем және кітап графикасы, мүсін және т.б. графикалық пәндерге бағытталған. Әйтсе де, ол компьютерлік пәндерді толығымен ауыстыра алмайды. Өзіне тән «Adobe Photoshop», «Adobe Illustrator», «Corel DRAW», «3 d s MAX» және т.б. мүмкіндіктеріне қарай бағытталып жасалған арнайы бағдарламалармен шектеледі.

Бүгінде әрбір шығармашылық тұлға компьютерлік графика және жоғары технонологияны біліп қана қоймай, оны өзінің көркем туындысының шынайылығы мен анықтылығына қол жеткізуі үшін қолдана алады. Бірақ бірде-бір «компьютер» дизайнері – дизайнер емес, егер ол суретші секілді ойлап, сурет сала білмесе. Осы жердегі мақсат (оқытушылардың) дизайн өнерін үйреніп жатқан студенттерді өзінің нағыз шынайы кәсіби маманы етіп шығару. Шығармашылық қиялды, өнердің түрлерінің ішіндегі соңғы кездегі қарқынды дамып келе жатқан осы компьютерлік графика арқылы да дамытуға болады.

Қазіргі ғаламдану процесіне сәйкес бәсекеге қабілетті, жаңа қоғамға бейімделген жеке тұлғаға деген сұраныс болашақ маманның жан-жақты дамыған, біліктілігі жоғары деңгейде қалыптасуын көздейді.

Қазіргі кезде компьютерлік графика мүмкіндіктерін үйрету арқылы студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру қоғамды дамытудың бірден-бір құралына айналып отыр. Сондықтан да оны іске асыру қоғам үшін маңызды алғы шарттардың бірі болып есептеледі.

Көркем суреттен білім алатын студенттер компьютерлік графикадан білім беру бағдарламаларында студенттердің көркем қиялын дамытуға академиялық сурет пәндерінен басқа да түрлі компьютерлік графикалық бағдарламалардың құралдарын пайдалана отырып арттыруға болатындығы

оқу үрдісінде анықталды. Дегенмен бұл қазіргі заман компьютерлік жаппай ақпараттандыру заманында мәселені толығымен шеше алды деп ойламаймыз. Компьютерлік жаңалықтар күнде ашылып жатқан кезеңде білім мен біліктілікті жетілдіру үздіксіз үрдіс болып қалмақ.

1. Исабек Н. Е. Студенттерді компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау. Дис...пед. ғыл. канд. – Алматы 2006

Резюме

В статье рассматриваются возможности компьютерной графики, а также ее применение в учебном процессе на занятиях по графике.

Summary

In the article it about the possibilities computer graphics. Professional packets of applications. Their property and application.

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ УМЕНИЙ ХУДОЖНИКОВ–ГРАФИКОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КНИЖНОЙ ГРАФИКИ

Г.А. Бекова -

ст.преподаватель кафедры «Академический рисунок» КазНПУ им. Абая

